«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ

№ 2 хаттама

Әдістемелік кеңес отырысы
2026 жылғы 28 мамыр

Жетекші: ППТК меңгерушісі Ю.Н. Фогель
Хатшы: П.С. Таңатарова
Қатысқандар: 8 адам
Жауаптылар: әдіскер Г.Х. Кәрімова

Күн тәртібі:
Тақырыбы: «ППТК жағдайында ЕАҚ (аутистік спектрі бұзылған) және интеллектісі бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің өзекті мәселелері».

1. «Қазіргі балалардың сөйлеу тілін дамытуда және ұйымдастыруда қиындықтарға тап болу себептері» — мұғалім-логопед П.С. Таңатарова.
2. «ППТК жағдайында ЕАҚ және ақыл-ойы кемістігі бар балалардың өмірлік құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді әдістері» — әлеуметтік педагог Ж.Ж. Жақыпова.
3. «Педагогтердің инклюзивті мәдениетін қалыптастыру» — әдіскер Г.Х. Кәрімова.
4. Ұсынымдар.

Бірінші мәселе бойынша мұғалім-логопед Перизат С. сөз сөйлеп, қазіргі балалардың сөйлеу тілін дамыту мен қалыптастырудағы қиындықтар өмір салтының, ортаның және тәрбие тәсілдерінің өзгеруінен туындаған кешенді мәселе екенін айтты. Сөйлеу тілінің кешігуіне әсер ететін негізгі себептер: Гаджетке тәуелділік — экран алдында өткізілген уақыт тірі қарым-қатынастың орнын басады. Ми ақпаратты шығаруға емес, оны енжар қабылдауға дағдыланады. Аса қамқорлық (гиперопека) — ата-аналар баланың барлық қалауын дыбысы немесе қимылы арқылы алдын ала түсініп қояды. Соның салдарынан баланың өтінішін сөзбен жеткізуге деген ынтасы жоғалады. Сенсорлық тәжірибенің жеткіліксіздігі — балалар құммен, жармалармен, балшықпен және ұсақ заттармен аз ойнайды. Ал ұсақ моториканы дамыту мидың сөйлеу орталығымен тікелей байланысты (материал қоса беріледі).

Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Жанар Ж. сөз сөйлеп, ЕАҚ және ақыл-ойы кемістігі бар балалардың өмірлік құзыреттіліктерін қалыптастыру туралы баяндады. Негізгі мақсат — баланы барынша әлеуметтендіру және оның дербестігін арттыру. ППТК жағдайында бұл жұмыс келесі бағыттар арқылы жүзеге асырылады: пәнаралық өзара әрекеттестік (дефектолог, логопед, психолог, әлеуметтік педагог); ата-аналарды түзету процесіне тығыз тарту — отбасын бұл дағдыларды кабинеттен үй ортасына ауыстыруға үйрету (материал қоса беріледі).

Үшінші мәселе бойынша «Педагогтердің инклюзивті мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында әдіскер Гүлбағила Х. тыңдалды. Гүлбағила Х. бұл мәселені шешу

үшін біз ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балаларды қолданыстағы жағдайларға бейімделуге мәжбүрлемеуіміз керек, керісінше білім беру жүйесін өзгертуге, білім беру кеңістігін ұйымдастырудың жаңа нысандарын жобалауға дайын болуымыз қажет екенін айтты. Соңғы уақытта білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған инновациялық тәсілдер көбірек ұсынылуда.

Ұсынымдар:

1. Логоритмика қолданылсын: сөйлеу тілін дамыту ырғақ, қозғалыс және қарапайым ән-тақпақтар арқылы тиімдірек жүреді.
2. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту үшін ата-аналармен бірлескен практикалық сабақтар өткізілсін.
3. ППТК-де логопед, дефектолог және әлеуметтік педагог мұғалімдермен белгілі бір баламен жұмыс істеудің нақты әдіс-тәсілдерімен бөлісетін тұрақты шағын консилиумдар ұйымдастырылсын.

ӘК төрағасы: Г.Х. Кәрімова

Хатшы: П.С. Таңатарова